

Басқарманың отырысында
«29» сәуір 2021 ж.
қабылданды
Хаттама № №16/1263

«ҮМЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

(Басқарманың 06.05.2019 ж. отырысында қабылданғанның орнына,
№ 24/1159 хаттама)

«ҮМЗ» АҚ уран, бериллий, тантал және ниобий өнімдерін өндіру бойынша қызметтерді іске асырады.

Тұтынатын энергияның негізгі түрлері ретінде жылына шартты отынның 1500 тоннадан астам көлемінде жылу және электр энергиясы танылады.

«ҮМЗ» АҚ өнім өндірісіне энергия жұмсаудың меншікті көлемін төмендетуге ниет білдіреді.

Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін жоғарылату саласындағы Саясатымыздың басты мақсаттары келесі:

- Қазақстан Республикасында және «ҮМЗ» АҚ қолданыстағы заңнамаға және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін жоғарылату саласында өндірістік қызметті іске асыру;
- «ҮМЗ» АҚ өндірістері мен бөлімшелерінің энергия тиімділігін жоғарылату;
- Жұмыскерлер мен басқа мүдделі тұлғалар үшін энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін жоғарылату бойынша ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
- Іс жүзіндегі энергияны үнемдеу технологиясын жетілдіру және жаңа технологиясын енгізу.

Мақсаттарға табысты жету келесідей қамтамасыз етіледі:

- энергияны үнемді пайдалану;
- энергия тиімділігі саласында үнемі жақсартулар жүргізу;
- энергия менеджменті жүйесінің нәтижелі қызметі;
- энергия тиімділігінің техникасы мен технологияларын қолдану;

- энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін жоғарылату саласында заңнамалық актілер талаптарын персоналға жеткізу;
- «ҮМЗ» АҚ энергетикалық аудит жүргізу;
- энергия тиімділігінің көрсеткіштеріне және энергияны елеулі тұтынуға байланысты сипаттамаларға мониторинг жүргізу.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін жоғарылату саласында Саясатты іске асыруға өзіне жауапкершілік алады, оның мақсаттарын бұлжытпай орындауға ниет білдіреді және «ҮМЗ» АҚ қызметкерлерін осыған шақырады.

Басқарма Төрағасы



С. Бежецкий